




18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жануарлар этикасы





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жануарлар этикасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Жануарлар этикасы

Бір кездері Құрама Штаттарындағы сұр қасқырлар жоғалып кетудің сәл-ақ қасында қалған болатын. 1970 жылы сұр қасқырдың өмірге қабілетті популяциялары тек екі штатта – Аляска мен Миннесотада ғана қалды. 1970-ші жылдары сұр қасқырдың кей түрлері, Жоғалып кеткелі тұрған түрлер туралы Заңға сай, аулаудан қорғалды. Өкінішке орай, кей түрлер үшін, мысалы, Техас қасқыры үшін, бұл - тым кеш қабылданған шара болды. Техас қасқыры мен басқа бір түрлер мәңгі бақи құрдымға кетті. 1978 жылы сұр қасқырдың барлық түрлері төмендегі 48 штаттарда аулаудан қорғалды. 1995 жылы Канадада ауланған қасқырлар Құрама Штаттарының батысына әкелініп, АҚШ-дағы қасқырлар популяциясын қалпына келтіру мақсатымен оларды жерсіндіру шаралары қабылданды.



Миннесотадағы қасқырларды аулау

Осы қасқырлар малымызға тие ме деп қорыққан батыстық фермерлерге кей жерлерде малына ауыз салған қасқырларды атуға рұқсат берілді. 2009 жылға қарай, қасқырлар популяциясының өскені сонша, АҚШ-ның Балық шаруашылығы және жабайы табиғат қызметі Сұр қасқырды жоғалып бара жатқан түрлер тізімінен алып тастады. Бұл қадам кей мемлекеттерді қасқырларды аулауды заңдастыруға итермеледі. Солардың арасында Йеллоустоун ұлттық паркіндегі қасқырларды аулау да бар деу күмән тудырады, бірақ бұл даулы мәселе, себебі ұлттық парктер жануарларды аулаудан қорғауы тиіс. 2012 жылы қасқырларды аулауға Вайомингте рұқсат берілді, ал 2013 жылы мұндай рұқсат Висконсинде, Миннесотада, Айдахода, Вайомингте және Монтанада заңдастырылды. 2012-2013 жж. қасқырларды аулау нәтижесінде 1000 астам қасқыр өлтірілді. Одан кейінгі сот қараулары қасқырларды аулау рұқсатын жоюға алып келді.

Кей адамдар қасқырларды жоғалып бара жатқан жабайы табиғаттың символы санайды. Басқалар оларды біздің үйде ұстайтын үй жануарларымызға, соның ішінде қасқырларға ұқсайды деп санайды. Ал басқа адамдар қасқырларды қойлар мен басқа да үйірлі жануарларға қауіп төндіретін қатерлі жыртқыштар ретінде қарастырады. Мұндай алуан көзқарастар қасқырдың немесе кез-келген басқа жануардың құндылығы қандай деген сұрақтың жауаптарын көрсетеді.

Жануарларды өлтірудің қандай да бір гуманистік жолы бар ма?

Қасқырды немесе басқа бір жануарды өлтірудің қандай да бір гуманистік жолы бар ма? Қасқырларды аулау кезінде бұл аңдарды атуға немесе қапқанға түсіруге рұқсат етілген еді. Жануарлардың амандығын қорғаушылар, әсіресе, қасқырларды өлтіру үшін аяғына қапқан салу шарасына үлкен қарсылықпен қарайды. Осы аң аулауға қарсы қозғалыстың өкілдері мұндай қапқан салуды өте қатігез шара, себебі ол аңның азапталуына соқтырып, «әділ аң аулау» рухына сай емес дейді. Мұндай қапқандар аң аулаушы келіп жетіп, қасқырды өлтірмейінше, бұл жыртқышты аяғынан қысып ұстап тұруға арналады.



Қапқанға түскен сілеусін

Мұндай қатыгездікке қарсы қозғалыс өкілдері аң аулаушыларға өз қапқандарын жиі-жиі тексеріп, жануарларды көп қинамай, барынша тез өлтіруге кеңес береді. Алайда, кейде жануарлар тұзаққа ұзақ уақытқа түсіп қалады. Кейбірі суықтан өледі. Басқалары қапқанға қысылған өз аяқтарын өздері шайнап, тұзақтан құтылмақ болады, немесе басқа бір жануарлардың шабуылына ұшырайды. Мұндай тұзақтардың тағы бір кемшілігі – оларға мүлде жоспарланбаған аң немесе құс түсіп қалуы мүмкін. Калифорниядағы Жабайы табиғат қызметтерінің аң аулау бойынша бағдарламасы туралы 2012 жылғы баяндамада осындай



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жануарлар этикасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

қақпандар Калифорнияда 2000 жылдан бері 50 000-нан астам жоспарланбаған жануарды өлтіргенін айтады, соның ішінде ақбасты бүркіттер мен мыңнан аса иттер де бар. Жануарларды қорғау бойынша қозғалыстардың өкілдері өлтірудің барынша жеңіл түрлерін іздеуді ұсынады. Алайда кей адамдардың пікірінше, жануарды өлтірудің гуманды амалы жоқ.

«Адал аң аулау» ережесі

Мұндағы тағы бір мәселе – қақпан салудың «адал аң аулау» ережесіне сай келе ме деген сұрақ. Адал аң аулау идеясы жануардың аман қалуға деген бір мүмкіндігі, ал аң аулаушының шеберлігі мен сәттілігі болуы тиістілігін білдіреді. Анықтамалардың біріне сенсек, адал аң аулау аң аулаушы мен ізіне түскен аңның арасында бір үйлесім болуы қажет, «ол аңшыларға табысқа жетуге, ал аңдарға аман құтылып кетуге деген мүмкіндіктің берілуін» меңзейді. Осындай адал аң аулау тұжырымы «алдамшы құрылған» аң аулау тәжірибесін сынға алу үшін қолданылуы мүмкін. Мұндай аң аулауда арнайы компаниялар «олжа болатын» жануарларды сатып алып, аң аулаушының оларды өлтіруге мүмкіндігі барынша жоғары болу үшін бар жағдайды жасайды. Мұндай компаниялар жануарларды сенімсіз жеткізушілерден сатып алып жатады, мұндай жануарлардың арасында сирек кездесетін жануарлар да болуы мүмкін, мысалы, зебралар, түйелер, түйетауықтар, кенгурулер және арыстанның күшіктері және т.б.

Аң аулаудың басқа да проблемалық формалары жануарларды ату үшін түрлі тұзақ жемдерді қолданады. Мысалы, аюларды аулау практикасы 28 штаттың 18-інде заңмен тыйым салынған. Миннесота штатының бұрынғы губернаторы Джесси Вентура аң аулаудың бұл түрі туралы: «бұл спорт емес, өлтіру» деген еді. Алайда Аляска штатында аң аулаудың бұл түрі рұқсат етілген, әрі тіпті насихатталып та келеді. Мысалы, мұнда «аю аулаушылар этикасының кодексі» де бар.

Аң аулау этикасы туралы сұрақ әлемдік жұртшылықтың назарын 2015 жылы Зимбабведе Сессил атты арыстанды өлтірген соң дүр сілкіндірді. Сессил – өте танымал арыстан болатын, ол Хванге Ұлттық паркін мекен етіп, заң жүзінде аң аулаудан қорғалған еді.

Сессил – 13-жасар оңтүстік-батыс африкалық арыстаны, о баста Солтүстік Магабелеленд аймағындағы (Зимбабве) Хванге ұлттық паркінде тіршілік еткен. Парктің көрнекі аңы, сондай-ақ Оксфорд университетінің үлкен зерттеуі аясындағы бақылау объектісі болатын. 2015 жылдың 1 шілдесінде Сессилді америкалық стоматолог Уолтер Палмер атып түсірді, ол осы мүмкіндік үшін кәсіби аңшы Тео Бронкорстқа 50 000 АҚШ долларын төлеген екен.



Алдымен Палмер арыстанды садақпен жаралап, артынша оның ізіне еріп жүріп, жобамен 40 сағаттан кейін мылтықпен өлтірген. Палмер арыстанның басын кесіп алып, оның терісін сыпырып алды. Арыстанның денесіне бекітілген радиомаяқ жоғалып кетті. Сессилдің өлтірілуі халықаралық дау-дамайға ұласты, бұл қайғылы оқиғаға қатысты теріс пікірін жануарларды қорғаушылар, саясаткерлер, танымал жұлдыздар, сондай-ақ, Интернет қолданушылары жан-жақты білдіріп жатты.

БАҚ сенер болсақ, Сессилді парктен тұзақжем көмегімен алдап шығарып алып, Миннесотадан келген стоматолог садақпен атып өлтірген екен. Ол бұл мүмкіндік үшін \$50,000 төлепті. Кей деректерге сенсек, Сессил садақпен атқанға өле қоймай, аң аулаушылар оның ізіне түсіп алып, тауып, тапаншаның оғымен атып өлтіргенше, қырық сағаттай тірі болған көрінеді. Бүкіл әлем жұртшылығы заңмен қорғалған арыстанның спорт құмарлығы жолында құрбан болып, адал аң аулаудың ешбір этикасы сақталмағанына ашуланды. Осы жағдайдың нәтижесінде, Американың балық пен жабайы табиғатты қорғау қызметі африкалық арыстанды жоғалудың қасында тұрған жануарлар тізіміне енгізіп, аң аулаушылардың арыстанды өлтіруден тапқан олжаларын елге кіргізуіне рұқсат етпейтінін заң жүзінде бекітті.

Қақпан салу мен тұзақ жемді пайдалану арқылы жануарларды қорғалатын жерлерден алдап шығарып алудан бөлек, тікұшақтардан және шағын ұшақтардан аң аулау практикасы да көп дау тудырып жүр. Кей жерлерде, мысалы, Аляскада бұл заң жүзінде рұқсат етілген. Есептердің біріне сенсек, әуеден аң аулау нәтижесінде Аляскада бірнеше жүздеген жануарлар өлтіріледі. Федералды заңға сай, мұндай аң аулауға заң тұрғысында рұқсат етілуінің себебі – жыртқыштар мен олардың жемтіктері арасындағы үйлесімді сақтау. Көктен аң аулаушыларды сынға алушылар аң аулаудың бұл түрін аса қатігез санайды, себебі ұшақпен немесе тікұшақпен ізіне түсу арқылы аңшылар жануарларды әбден әлсіреп шаршағанша қуалайды, әрі көктен атылған оқ жануардың бірден өлуіне сирек алып келеді.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жануарлар этикасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Осы жерде біз қасқырларды аулау жануарлар этикасы туралы моральдық сұрақтарды қалай көтеретінін атап кетейік. Жалпы, аң аулау туралы пікірталастар бірнеше күрделі этикалық сұрақтардың бар екенін көрсетеді. Біз жабайы аңдардың, соның ішінде жоғалып кету қаупі төніп тұрған жануарлардың амандығы туралы алаңдауға тиіспіз бе? Мұндай жануарлар адамның араласуынан еркін өз өмірін сүруге хақылы ма?


Жануарлардың онтологиялық және моральдық мәртебесі

Мұндай сұрақтар жануарлардың онтологиялық және моральдық мәртебесіне қатысты іргелі мәселелерді көтереді. Сонымен қатар, осыдан адам болмысы туралы іргелі сұрақтар көтеріліп, біздің адамға ұқсас жануарлармен ұқсастығымыз бен айырмашылығымыз қандай деңгейде деген ой туады. Не десек те, адам да – тіршілік иесі ғой. Алайда біз – басқа тіршілік иелерін өлтірудің моральдық жағын қарастыратын жалғыз тіршілік иелеріміз. Бұл бізді басқалардан артық етіп, сәйкесінше, бізге қосымша жауапкершілік арта ма? Бұл сұрақтарға берілетін антропоцентрилік жауаптар адамдардың басқалардан артық екендігін алға тартып, адами мәселелер бәрінен маңызды екендігін дәлелдейді. Ал антропоцентристік емес жауаптар мұндай пікірлерді теріске шығарып, біз жануарлардың да мүдделері мен амандығын олардың өздерінің ішкі құндылығына сай ескеруіміз керек деп сендіреді.

Моральдық вегетарианизм

Ал енді осы жануарлар этикасы саласындағы қазіргі күннің тағы бірқатар мәселелеріне тоқталып кетсек. Олардың бірі – моральдық вегетарианизм.

Жануарлар мен олардың амандығы туралы сөз қозғалғанда туындайтын көптеген нақты сұрақтар бар. Олардың арасындағы көзге бірден түсе кететін сұрақ мынадай болуы мүмкін: біз жануарларды азық ету мақсатымен өсіріп, өлтірсек бола ма? Біз жануарлардың бәрін бірдей жей бермейміз. Мысалы, қасқырларды аулағандағы мақсатымыз – олардың етін жеу емес. Бұл жерде біздің қандай жануарларды жейтініміз және жемейтініміз туралы сұрақ көтеріледі. Әрі мұнда мәдени релятивизмнің философиялық сауалы туындайды. Кей мәдениеттерде иттің етін жеу рұқсат, ал басқаларында бұл сұмдық жиіркенішті нәрсе саналады. Кей мәдениеттер шошқа етін жейді, ал басқалар үшін бұл мүлде рұқсат етілмейтін нәрсе. Осы айырмашылықтар қандай да бір мәдени ақиқаттарды айқындай ма, әлде мұның бәрі, бар болғаны, мәдени шарттылық пен табу мәселесі ме?



Лев Николаевич Толстой (1828-1910жж.) – ең танымал орыс жазушыларының және ойшылдарының бірі, әлемдегі ең ұлы жазушы-романистердің бірі.

Кей мәдениеттер мен жекелей адамдар мүлде ет жемейді. Ежелгі грек философы Пифагор мен оның ізбасарлары вегетариандық болған. Сондай-ақ, бұл принципті индуистер, буддистер және жайнистер түрлі деңгейде ұстанады. 19 ғ. ұлы орыс жазушысы Л.Н. Толстой вегетариандық болған.

Толстойдың айтуынша, шынымен жақсы өмір сүргісі келетіндер жануарлардан алынатын тағам түрлерінен өздерін алыс ұстауы тиіс, себебі оны жеу – адамгершілікке қайшы нәрсе, өйткені ол ізгілік сезіміне қарама-қарсы әрекеттің – тіршілік иесін өлтірудің іске асуын білдіреді. Толстойдың идеялары Мохандас Гандиге де ықпал етті. Оның үстіне Гандидің вегетариандық болуы оның индуистік діні мен мәдениетіне байланысты еді. Өзінің автобиографиясында Ганди құрбандыққа қозыны әкелу рәсімін сипаттайды. Гандидің досы оған дұға оқылып жатқанда қозы ештеңе сезбейтінін айтқанда, Ганди оған, егер қозының тілі болса, ол басқаша нәрсе айтар еді дейді. Осыдан Ганди мынадай тұжырым шығарады: «Мен үшін қозының өмірі адам өмірінен ешбір кем емес. Мен ол қозыны адам тәні үшін құрбандыққа шалмас едім. Мен тіршілік иесі неғұрлым өзімнен әлсіз болса, ол соғұрлым менің қорғауыма құқысы бар деп ойлаймын».




Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жануарлар этикасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Мохандас Карамчанд «Махатма» Ганди (1869-1948 жж.) – үнділік саяси және қоғамдық қайраткер, Үндістанның Ұлыбританиядан тәуелсіздігі үшін қозғалыс жетекшілерінің және идеологтарының бірі. Оның зорлықсыз философиясы бейбіт өзгерістер жақтастарының қозғалысына ықпал етті.



Вегетериандықтың түрлі деңгейлері бар. Вегетериандықтардың бәрі жануарларды жемейді, алайда кейбірі жұмыртқа, сүт өнімдері, тіпті, балықты да жеуі мүмкін. Вегандар жануарлармен қатар, жануарға қатысы бар өнімдерді де жемеуге тырысады, мысалы, жұмыртқа, сүт өнімдері, кей жағдайда – бал сияқты. Кей адамдар вегетериандық диетаны денсаулығына байланысты ұстанады. Бұл тамаққа деген аллергияға немесе түрлі талаптарға қатысты мәжбүрлі шара болуы мүмкін. Дегенмен, вегетериандықтардың басым бөлігі еттен этикалық себептерге байланысты бас тартады.

Ет және жануарлардан алынатын өнімдерді жеуден бас тартудың өткір моральдық себептері бар ма, әлде жануарлардың етін жеуді моральдық тұрғыда ақтауға бола ма?

Ет жейтін адамдардың көбісі жануарлардың өзін немесе олардан алынатын өнімдерді тұтынуда тұрған жаман ештеңе жоқ деп санайды. Ет жеу дәстүрі көптеген мәдениеттер мен дәстүрлерде кеңінен етек жайған. Дәстүрлі идеялардың бірі жануарлар бізге Құдайдан өз игілігімізге қолдану үшін берілген дейді. Осыған ұқсас бір идея бізге тіршілік иелерінің белгілі бір иерархиясы бар. Сол иерархияның жоғарғы жағында біз, яғни, адамдар, ал төменгі жағында жануарлар тұрады деп сендіреді. Осы алар орнымыз бізге өзімізден төмен тұратын жануарларды қолдану құқығын береді. Басқалар жануарларды өлтіргенде, олар ауырсынуды сезінбейді, себебі олар моральдық «тұлғалар» емес, яғни, оларда өмірге деген қызығушылықты қамтамасыз ететін сана жоқ дейді.

Жануарлар этикасына қатысты утилитарлы көзқарас

Жануарлар этикасына қатысты қатаң утилитарлы көзқарас жануарлар этикасына қатысты ұстанымға сай, егер жануарларды азаптау қандай да бір одан үлкенірек игілікті көздейтін болса, оған рұқсат етуге болады дейді. Егер біз адам игілігін бірінші орынға қоятын болсақ, онда адамның құнарлы және дәмді етке және басқа да жануарлардан алынатын өнімдерге деген мұқтажыдығы жануарлардың азаптануынан маңыздырақ болады.

Тағы бір утилитарлы принцип біз жануарларды өз тамағымыз немесе киіміміз үшін өсіретін болсақ, демек, біз өзіміздің араласуымызсыз ешқашан дүниеге келмейтін жануарларды өндірік дейді, сол себепті осы жануарларды қолдансақ немесе, тіпті, өлтірсек те, бұл ақтауға тұрарлық нәрсе, яғни, біздің арқамызда бұл жануарлар аз уақыт болса да, өмір сүру мүмкіндігіне ие болды.

Индустриалды ауыл шаруашылығының сыншылары фермалардағы жануарлар аса бақытсыз өмір сүріп, адам мақсатына сай өлтіріледі дейді. Мұндай фермалар алдын-ала ниетпен қатыгез болмаса да, олардың қолданатын әдістері жануарларға деген қатынас тұрғысынан аса қатігез болып көрінеді. Жануарларға таңба салады, оларды күштеп тамақтандырады, тар кеңістіктегі қамауда ұстайды, олар тіпті, емін-еркін қозғала да алмайды. Олар басқа жануарлармен өте жақын кеңістікте орналастырылып, соның нәтижесінде инфекциялық ауруларға бейім болады да, нәтижесінде өнеркәсіптік фермалар оларға түрлі антибиотиктер етуге мәжбүр болады. Ауыл шаруашылығының өнеркәсіптік дамыған нысандарында түрлі селекциялық технологиялар, соның ішінде етті барынша көп өндіруге бағытталған гендік инженерия мен клондау қолданылады. Мысалы, бұл амалдар жануарларды көбейтіп, оларды өсіру мақсатында пайдаға асырылады.

Қалай десек те, бүкіл әлем бойынша еттің әлемдік өнідірісі 1980-2002 жж аралығында үш есе артты. Ал 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш тағы екі есеге көбейеді деп болжанып отыр. Индустриалды ауылшаруашылық кәсіпорындарының қорғаушылары, егер біз 7 млрд адамнан тұратын халықты тойдырғымыз келсе, біз біршама қарқынды ауылшаруашылық үдерістерге өтуіміз керек. Шынында да, егер етке деген сұраныс арта беретін болса, біз ет өндіруге арналған жануарларды өсірудің бұдан да тиімді, бұдан да өнімді амалдарын ойлап табуымыз қажет: емін-еркін жайылатын малдың еті бүкіл әлемнің халқын қамтамасыз етуге жетпейді ғой.




Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жануарлар этикасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Жануарлар этикасының тағы бір өзекті мәселесі – жануарларды түрлі эксперименттерде қолдану. Мұндағы жағдай – жануарларды ғылыми және өнеркәсіптік зерттеулерде пайдалану. Жануарлар құқықтарын қолдаушылардың кейбірі жануарларды ғылыми және өнеркәсіптік зерттеулерде қолдану қатігез және қажетсіз нәрсе дейді. Ал жануарларды эксперименттерде қолдануға болады деген пікірдің жақтастары қазіргі медицина жетістіктерінің басым бөлігі мен қазіргі өнеркәсіп өнімдерінің мен қауіпсіздігі – осындай жануарларға жүргізілетін эксперименттердің нәтижесі деген дәлелді алға тартады.

Жануарларды зерттеуде қолданудың тарихы тереңде жатыр. Б.з.д. үшінші ғасырда, Александрияда, Египетте жануарлар ағзаның функцияларын зерттеу үшін қолданылған. Аристотель жануарларды олардың ішкі құрылысы мен дамуы туралы білу үшін кескен. Рим дәрігері Гален кей жануарларды пайдалана отырып, қан тамырларымен ауа емес, қан жүретінін көрсету үшін құрбан етті.



Гален (129 немесе 131 – 200 немесе 217 жж.) – грек ұлтынан шыққан ежелгі римдік медик, хирург және философ. Гален көптеген ғылыми пәндерді ұғынуға зор үлес қосты, соның ішінде анатомия, физиология, патология, фармакология және неврология, сондай-ақ, философия мен логика.

1846 жылы Уильям Харви жануарларды ағзағадағы қанайналымды көрсету үшін қолданды. 1846 жылы жануарлар анестезияның әсерін көрсету үшін, ал 1878 жылы бактериялар мен аурулар арасындағы байланысты көрсету үшін пайдаланылды.

20-шы ғасырда жануарларды пайдалану арқылы зерттеу жүргізулер: инфекциялық ауруларды емдеу мен иммундау және антибиотиктер қолдану әдістерін жасақтаудан бастап, хирургиялық процедураларды жетілдіруге дейінгі медицинадағы көптеген жетістіктерге қолжеткізуге көмектесті. Мысалы, 1921 жылы Онтариодан шыққан бір дәрігер мен оның көмекшісі иттердің ұйқы безі мен ас қорыту жүйлеріндегі байланысты ажырату арқылы диабетті бақылайтын затты анықтады. Осы амалмен олар инсулинді бөліп алды да, осы аурудан зардап шегіп келген миллиондаған адамдарды емдеу жолын ашты. Полиомелитке қарсы екпені жасақтау барысында жүздеген приматтар мерт болды, алайда осы эксперименттердің нәтижесінде қазіргі таңда полимелитті емдеу шаралары дамыған әлемде толығымен дерлік жеңіске жетті. 1952 жылы АҚШ –та мұндай ауруға шалдыққан 58 000 адам болса, 1984 жылы мұндай науқастар саны бар жоғы 4-ақ адамға жетті. ЖИТС немесе СПИД ауруына қарсы вакциналарды сынау үшін зерттеушілер маймылдарды пайдаланды, сонымен бірге жануарлардың қатысуымен жүргізілген эксперименттер адам параличін зерттеудің маңызды бөлігі. 2000 жылы Массачусетс университеті Медицина мектебінің зерттеушілері ересек егеуқұйрықтардың жұлынынан жетілмеген жасушаларды алып, оларды өз алдына бөлек өсірді де, кейіннен осы жасушаларды параличке шалдыққан егеуқұйрықтар жұлынының зақымдалған жеріне салды. Көп ұзамай, бұл егеуқұйрықтар қозғалуды, тұруды және жүруді үйреніп кетті. Осы зерттеудің арқасында жұлынның зақымдалуынан азап шегіп келген жер бетіндегі қаншама адам өз ауруынан айықты. Осындай эксперименттер адам денесінің зақымдалған бөліктерін ауыстыру үшін қазіргі таңда мықты өсіп жатқан тін инженериясында да жан-жақты қолданылып жатыр.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Peter Steinhart, *The Company of Wolves* (New York: Random House, 1996), Chapter 7.
2. “The Killing Agency: Wildlife Services’ Brutal Methods Leave a Trail of Animal Death,” *Sacramento Bee*, April 29, 2012, accessed May 15, 2016, <http://www.sacbee.com/news/investigations/wildlife-investigation/article2574599.html>
3. Christopher Ketcham, “The Rogue Agency,” *Harper’s Magazine*, March 2016, accessed March 28, 2016, <https://harpers.org/archive/2016/03/the-rogue-agency/>
4. Jim Posewitz, *Beyond Fair Chase* (Guilford, CT: Globe Pequot, 1994).
5. Mohandas K. Gandhi, *An Autobiography: The Story of My Experiments With Truth* (Boston, MA: Beacon Press, 1993).



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жануарлар этикасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

6. Michael Martin, "A Critique of Moral Vegetarianism," Reason Papers No. 3 (Fall 1976).
7. Erik Marcus, Meat Market: Animals Ethics, and Money (Boston, MA: Brio Press, 2005).
8. See Peter Singer and Jim Mason, The Ethics of What We Eat: Why Our Food Choices Matter (New York: Rodale, 2006).
9. James Rachels, "Vegetarianism and 'the Other Weight Problem,'" in World Hunger and Moral Obligation, eds. William Aiken and Hugh LaFollette (Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall, 1977).
10. See Carol J. Adams, The Sexual Politics of Meat: A Feminist-Vegetarian Critical Theory (New York: Continuum, 1990) or Josephine Donovan and Carol J. Adams, eds., The Feminist Care Tradition in Animal Ethics: A Reader (New York: Columbia University Press, 2007).
11. Jerod M. Loeb, William R. Hendee, Steven J. Smith, and M. Roy Schwarz, "Human vs. Animal Rights: in Defense of Animal Research," Journal of the American Medical Association 262, No. 19 (November 17, 1989).
12. John F. Lauerman, "Animal Research," Harvard Magazine (January–February 1999).
13. C. Ray Greek and Jane Swingle Greek, Sacred Cows and Golden Geese: The Human Cost of Experiments on Animals (London: Continuum, 2001).

Глоссарий

Жануарлардың құқықтары – әр жануардың өз тіршілігін сақтауға мүдделі, азапталмауға және өлтірілмеуге құқы бар екенін білдіретін идея (Реганның есіміне байланысты); сондай-ақ қараңыз: жануарлардың амандығы.

Жануарлардың амандығы – жануарларға зардап келтірмеу маңызды мәселе екенін және себепсіз зиян шектірмеу керек екенін білдіретін идея (утилитаризм мен Сингердің есімімен байланысты); сондай-ақ қараңыз: жануарлардың құқығы.

Адал қуу – аңшылық этикасындағы идея, оған сай аңның аман қалуына белгілі бір мүмкіндігі болуы тиіс, ал аңшыдан белгілі бір шеберлік пен ептілік талап етіледі.

Вегетарианизм – етті тұтынудан бас тарту міндеттемесі, соның ішінде вегандық, яғни жұмыртқа, сүт және тері сияқты жануарлардан алынатын кез келген өнімді тұтынудан бас тарту.

Экожүйе – қоршаған орта этикасында оны өсімдіктерді, жануарларды және адамдарды қоса алғанда кеңінен біріктірілген, үйлестірілген және ұйымдасқан тұтастық ретінде қарастыратын тұжырымдама.

Қоршаған орта этикасы – экожүйелердің, табиғи қоршаған ортаның құндылығы, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты пайда мен зиянды үлестіру туралы мәселелерді этикалық зерттеу саласы.

Экологиялық әділдік – қоршаған ортаға ластау сияқты әсер етуге байланысты адамдар арасында пайда мен зиянды әділ үлестіруге бағытталған экологиялық этика мәселесі (үлестіру әділдігі мен әлеуметтік әділдікке қатысты).